

---

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, ұлттың үміті мен арқа сүйер болашағы. Елдің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында екенін жақсы түсінген ата-бабаларымыз “Ел болам десең, бесігіңді түзе” деп, ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген. Себебі ұлттың тағдыры – оның білімді, рухы биік, жауапкершілікті сезінетін жастарына тікелей байланысты.

Қазақ жастары қай кезеңде болмасын елдің мүддесін биік қойып, туған жердің тағдырына бейжай қарамаған. Алаш арыстары жастайынан халықтың мұңын мұңдап, ұлттың болашағы үшін күресті. Қаншама боздақ Отан үшін от кешіп, елдік пен ерліктің үлгісін көрсетті. Бұл – тарихтың алтын беттерінде қалған ақиқат. Ал қазіргі жастар – ел егемендігінің қадірін түсінетін, білім мен бәсекеге бейім ұрпақ. Ғылым, техника, IT, медицина, өнер мен спорт саласында биік жетістіктерге жетіп жүрген жас қазақстандықтар аз емес. Олар өз еңбегімен Қазақстанды әлемге танытып, ел мақтанышына айналып келеді.

Бүгінгі заман – тек білімді ғана емес, жаңашыл, ойы сергек, елге адал, жауапкершілігі мол жастардың заманы. Мемлекет тарапынан да жастарға қолдау көп: түрлі білім гранттары, жобалар, стартаптарға арналған бағдарламалар іске асуда. Бұл мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланып, ел дамуына үлес қосу – әрбір саналы жастың парызы. Тек өз болашағын ғана емес, туған елінің тағдырын да ойлайтын ұрпақ тәрбиелеу – баршамызға ортақ міндет.

Жастар – мемлекеттің алтын діңгегі. Олардың арманы асқақ, сенімі нық болса, Қазақстанның болашағы да жарқын болмақ. Ендеше, жастарға сенейік, оларды қолдайық. Және әр жас өз ісімен елге шынайы қызмет